# ТАЛАПКЕРГЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ

Порталға тіркелу

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

*talapker.karnu-buketov.edu.kz*

(https://talapker.karnu-buketov.edu.kz/)

> *Бұл нұсқаулық академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің ресми порталында талапкердің жеке кабинетін тіркеудің қадамдық тәртібін сипаттайды. Әрбір қадамды мұқият орындаңыз — кез келген кезеңді өткізіп алу кабинеттің жойылуына әкелуі мүмкін.*

## 1-қадам: **Порталға өту және тіркелу формасын ашу**

1. Браузерді ашып, келесі сілтеме арқылы өтіңіз: talapker.karnu-buketov.edu.kz (https://talapker.karnu-buketov.edu.kz)
2. «Жеке кабинет құру» батырмасын басыңыз.
3. «1-қадам: Бірегей деректер» бетінде келесі өрістерді толтырыңыз:

| | |
|---|---|
| **Азаматтығы** | Тізімнен «Қазақстан» (ҚР азаматтары үшін) немесе тиісті елді таңдаңыз |
| **ЖСН** | Өзіңіздің жеке сәйкестендіру нөміріңізді (12 цифр) енгізіңіз. Тек Қазақстан азаматтығы таңдалған кезде ғана көрсетіледі |
| **E-mail** | Жұмыс істеп тұрған электрондық пошта мекенжайын көрсетіңіз — логин мен пароль дәл осы поштаға жіберіледі |

4. Өрістерді толтырғаннан кейін «Бірегейлігін тексеру» батырмасын басыңыз. Егер деректер дұрыс енгізілсе, жүйе автоматты түрде келесі қадамға өтеді.






## 2-Қадам: Жеке кабинет құру

1. Жеке мәліметті толтырыңыз:
   Т.А.Ә. (Толық аты-жөні), туған күні, жынысы, ұялы телефон, оқу тілі

   Барлық өрістерді толтырғаннан кейін «Жеке кабинет құру» батырмасын басыңыз.




## 3-қадам: «Электрондық пошта арқылы растау»

1. **Жеке кабинет құру** батырмасы басылғаннан кейін жүйе хаттың жіберілгені туралы хабарламаны көрсетеді.
2. Электрондық поштаңызды ашып, «Buketov University. Қабылдау комиссиясы» жіберген хатты табыңыз. (адрес: priemka@karnu-buketov.edu.kz).
   – Хатта келесі ақпарат көрсетіледі:
   – Сіздің логиніңіз (электрондық пошта мекенжайыңыз)
   – Уақытша құпиясөз

Растау сілтемесі

3. Жеке кабинетті растау үшін «осы сілтеме» деген сілтемені басыңыз.




⚠ **Егер хат 5–10 минут ішінде келмесе, «СПАМ» және «Таратылымдар» (Рассылка) тексеріңіз. Егер хат ол жерлерде де болмаса, дұрыс электрондық пошта көрсетіп, тіркелу рәсімінен қайта өтіңіз.**

## 4-қадам: Жеке кабинетке кіру

1. Электрондық поштаңызды және хатта келген парольді енгізіңіз.
2. «Кіру» батырмасын басыңыз

## 5-қадам: Қысқаша сауалнамадан өту

Жеке кабинетке кіргеннен кейін жүйе 4 сұрақтан тұратын қысқаша сауалнамадан өтуді ұсынады:
Сауалнаманың барлық өрістерін толтырып, «Жіберу» батырмасын басыңыз.
Сауалнама аяқталғаннан кейін профильді толтыру формасы ашылады.




## 6-қадам: Талапкер профилін толтыру

«Жеке деректер» бөлімінде барлық міндетті өрістерді толтырып, құжаттарды тіркеңіз:







### ⚠ «Базалық білімді» таңдаңыз

*НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Базалық білім түрін мұқият таңдаңыз — бұл оқу нысанына, диплом алу мерзіміне және сіз оқуға түсе алатын білім беру бағдарламалары тобына әсер етеді. Қате таңдау құжаттарды тапсыру кезінде қателіктерге әкелуі мүмкін.*

| Талапкердің білімі | Оқу нысаны |
|---|---|
| **Мектеп негізінде** | **Күндізгі (4 жылдық оқу)** |
| **Колледж базасында** (толық оқу мерзімі) | **Күндізгі (4 жылдық оқу)** |
| **Колледж базасында** (ұқсас мамандықтар тізбесі) | **Күндізгі қысқартылған оқу нысаны (3 жылдық оқу)** |
| **Колледж базасында** (ұқсас мамандықтар тізбесі) | **Күндізгі қысқартылған оқу нысаны (3 жылдық оқу), қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып** |
| **Жоғары білім негізінде** | **Күндізгі қысқартылған оқу нысаны (2 жылдық оқу), қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып** |







Сондай-ақ, сіз ҰБТ / қабылдау емтихандарында тапсырған пәндерге байланысты білім беру бағдарламалары тобын таңдауыңыз қажет. Таңдалған топтың сіз тапсырған пәндерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

Барлық өрістерді толтырып, құжаттарды тіркегеннен кейін «Сақтау» батырмасын басыңыз.



**Тіркеу сәтті аяқталып, барлық деректер толтырылғаннан кейін жеке кабинетіңіздің басты бетінде қабылдау комиссиясы хатшыларының байланыс деректері көрсетіледі, олармен сіз қабылдау мәселелері бойынша байланыса аласыз.**

